



Мерекеге орай автошеру өткізілді

Халықаралық әйелдер күні мерекесі қарсаңында Қостанай облысының жастар ресурстық орталығы автошеру ұйымдастырды.

Мереке қарсаңындағы автошеруге тек қана нәзік жандылар қатысты. Автошеру Жеңіс паркінен басталып, «Астықжан» сауда орталығында мәреге жетті. Іс-шараның шарты бойынша бойжеткендер жол қозғалысы ережелерін сақтап, мәреге бірінші жетуі тиіс. Нәтижесінде, барлық талаптарды орындаған Екатерина Кожевина жеңіске жетті. Ол Lada Kalina көлігін тізгіндеген болатын.

Сондай-ақ, Анна Захарченко, Бибігүл Хасен, Ақшолпан Хайруллина сынды нәзік жандылар үздік көрсеткіштерге қол жеткізді.

«Автошеруге қатысқан 21 арудың көлігі техникалық талаптарға сай болды. Олар мәреге дейін жол-патрульдік полициясы қызметкерлерімен бірге жүрді. Әр қатысушы автокөлікті өздерінің қалауы бойынша безендірді», - деді Қостанай облысы жастар ресурстық орталығының директоры Айгүл Абдулина.

Жастар орталығы таратқан хабарламаға қарағанда, мұндай автошерулер енді дәстүрлі түрде өткізіледі.



Пара алып тұтқындалды

Астана қалалық Әділет департаменті басшысының орынбасары Рауан Рамазанов пен басқарма басшысы Еркін Дәулетбаев 22 млн теңге көлемінде пара алды деген күдікпен қамауға алынды.

Бұл туралы Елорда Инфо сайты Әділет министрлігіне сілтеме жасап хабарлады. Министрліктің ақпаратына сәйкес, Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (МҚСЖҚА) қызметкерлері Дәулетбаев пен Рамазановты 2018 жылдың 28 ақпаны күні тұтқындады. Шенеуіктер «атқарушылық өндіріс бойынша арестті алып тастағаны» үшін 22 млн теңге сомасында пара алды деп күдіктелуде.

Аталмыш факті бойынша ҚР ҚК-нің 366-бабымен («Алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобымен пара алу») іс қозғалды. Сотқа дейінгі тергеу жүргізілуде. Рауан Рамазанов бұған дейін құқықорғау органдары жүйесінде жұмыс істегені белгілі. 2012-2014 жылдар аралығында Алматының Түркісіб ауданында прокурордың орынбасары болды. Кейін МҚСЖҚА-ның Алматы қаласы бойынша департаментінде қызмет етті. МҚСЖҚА-ның Жамбыл облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары болды. Еркін Дәулетбаев Тараз қалалық Мемлекеттік кірістер департаментінде бөлім басшысы қызметін атқарды.

inform.kz

Қамданған қапы қалмаса керек

Өткен жылдары су тасқыны кезінде жұртты дүрліктірген жағдайлар аз болған жоқ. Сондықтан көктемгі су тасқыны зардаптарының алдын алу үшін ерте бастан қамдану, өткен жылдарда зардап шеккен елді мекендерін бақылауда ұстау әбден қажет-ақ. Міне, осы мәселе жақында облыс әкімдігінде өткен кеңестердің бірінде күн тәртібіне шығарылған болатын.

Облыс әкімінің орынбасары Сергей Карплюктің айтуынша, өңірдегі су тасқынына қарсы шаралардың жүргізілу барысы мен су нысандарының көктемгі кезеңге әзірлігі басты назарда.

- Қазіргі уақытта екі мыңнан астам күш құрылымдары мен 826 техника, 83 жүзу құралы, 245 су сорғыш техникасы, жиырма мың тоннада астам инертті материал дайын тұр. Мұның сыртында мұз жару жұмыстарын жүргізу үшін де тиісті мекемелермен келісімшарт жасалды. Су тасқынының алдын алу үшін облыстық бюджеттен 455 млн теңге қарастырылған, - деді Карплюк.

Сондай-ақ кеңеске қатысушылар алдында Тобыл-Торғай бассейні инспекциясының басшысы Гүлшат Оспанбекова да өңірдегі жағдай туралы ақпарат ұсынды.

- Қостанай облысы аумағында 103 гидротехникалық құрылым тіркелген. Тексерістер көрсетіп отырғанындай, олардың ішінде 24 бөгет су тасқынына дайын емес деуге болады. Атап айтқанда, Докучаев, Қарабөгет, Қызыларық, Жырықбөгет, Жоғары Шортанды, Шыңсай бөгеттерінің

жағдайы мәз емес. Былтыр су ресурстары инспекциясының мамандары аталған нысандарды ретке келтіру үшін жергілікті атқарушы органдарға ақпараттық хат жіберді. Алдағы уақытта арнайы комиссия бөгеттердің жай-күйін тағы бір тексеріп шығады, - дейді Гүлшат Оспанбекова.

Облыстағы су қоймаларының 68 пайызы толып тұр, десек те қоймалардағы 449 млн текше метр бос орын су қабылдауға әзір. Бұған дейін өткен аппарат жиналысында өңір басшысы Архимед Мұхамбетов су тасқынына қарсы дайындықты күн тәртібінен түсірмеу керектігін айтқан болатын. - Көктемгі су тасқынына байланысты жағдайды үнемі назарда ұстау қажет. Сондықтан, әрбір қала-аудан әкімдеріне тасқынға қарсы шаралар туралы мониторинг жүргізуді тапсырамын. Кейде қандың еруі оптикалық болжаған мерзімге сәйкес келмей, күрт өзгертін жайттар кездесіп жатады. Сол үшін дайындық жұмыстарын тыңғылықты жүргізу керек. Тасқынға дайын емес бөгеттерді тез арада қалыпқа келтіріңіздер, - деген еді облыс әкімі. Өңірлік төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Талғат Көкімов бөрі назарда дейді, дегенмен қауіпті аймақтардың да бар екенін жасырмады.

- Былтыр Қостанай облысында 58 елді мекен су басу қаупі бар аймақтар санатына кірсе, биыл бұл көрсеткіш 97-ге жетті. Аталған аумақтарды қатаң бақылауға алдық. Жалпы, 40 елді мекенді қар суы шайып кетуі ықтимал. Ал қалған 57 ауылға өзен-көлдердің тасуы әсер етеді деп болжанды. Қауіпті мекендерде 8000-нан астам тұрғын

тіркелген, - деді Талғат Көкімов.

Департамент басшысының сөзіне сүйенсек, апат бола қалған жағдайда, бірінші кезекте құтқарылатын адамдардың тізімі жасалған. Құтқарушылар 15 ауылға барып, әуелі аяғы ауыр 97 әйелді есепке алып отыр. Сондай-ақ, арнайы тізімде 30 бала бар екен. Ал жануарларды эвакуациялайтын 152 орын дайын тұр. Бірінші кезекте Қостанайдың іргесіндегі елді мекендерді су басу қаупі бар. Қалалық төтенше жағдайлар және азаматтық қорғаныс бөлімінің жетекшісі Геннадий Колчановтың айтуынша, Қостанай қаласының маңындағы елді мекендерді су басу қаупі әлі сейілмеген. Бүгінде қардың қалыңдығы орташа есеппен 15 см, ал судың қоры 20 мм көрсетіп отыр. Соған қарамастан кейбір елді мекендерді су басу қаупі бар. Атап айтқанда, «Әуежай», «Қостанай 2», «Қонай», «Колесные ряды», «Достық», «Солтүстік-батыс» шағын аудандары қауіпті аймақтар қатарына енеді. Сондай-ақ, Тобыл өзеніне жақын көшелер де арнайы тізімге қосылған көрінеді.

Өңірімізде төтенше жағдайлар орын ала қалған жағдайда қапы қалмаудың қамы жасалып жатқаны, өрине көңілге демеу. Қазіргі күні төтенше жағдайлар кезінде 300 адамды оқшаулайтын қабылдау пункттері айқындалған көрінеді. Қажет болып қалатын дәрі-дәрмектің, азық-түліктің қоры жасалған. Қауіпті аумақтарға енгізілген тұрғындар да ерте бастан хабарландырылған. Иә, қамданған қапы қалмаса керек...

М. БАЙМЫРЗАҰЛЫ

Үштілділік білім беру: тәжірибелері, мәселелері және болашағы

ҚР ІІМ Қостанай академиясының тілдер кафедрасы Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауының міндеттерін іске асыру аясында «Үштілділік білім беру: тәжірибелері, мәселелері және болашағы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.

Қазақстан Республикасында үштілділік туралы пікірді алғашқы рет Н. Назарбаев 2004 жылы айтқан еді. 2006 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясындағы баяндамасында Елбасы үш тілді білу біздің балаларымыздың болашағына қажет деп тағы да атап өткен болатын. 2007 жылы Президент «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі



және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі ретінде үш тілдің дамуын қажет ететін «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын кезең-кезеңмен іске асыруды бастауға ұсыныс жасады.

Үштілділік білім беру – заманауи, бәсекеге қабілетті, білікті мамандарды даярлаудың тиімді құралдарының бірі.

Халықаралық зерттеулер үштілділік білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылар оқу процесіне уәждемесі мен қызығушылығын арттырып, олардың бірнеше тілді меңгерудің қажеттілігі мен артықшылығын анық көретіндігін, барлық пән,

барлық тіл бойынша тек ана тілінде білім алатын топтарға қарағанда ең жақсы нәтижелер көрсететіндігін дәлелдеп отыр.

Дөңгелек үстелдің мақсаты Қостанай облысының жоғары оқу орындарындағы үштілділік білім беруді дамытудың мәселелері мен болашағын талқылау, ғылыми және іскерлік байланысты жалғастыру, тәжірибе алмасу болды.

Тілдер кафедрасының бастығы, полиция майоры А.Б. Айсенов дөңгелек үстел қатысушыларына құттықтау сөз жолдап, табыс тіледі.

Үштілділік білім беру бағдарламасын іске асыру

тәжірибесімен алмасу мақсатында А. Байтұрсыннов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті азаматтық құқық және іс жүргізу кафедрасының аға оқытушысы Қорытқинова Наталья Алексеевна, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты көптілділік орталығының бастығы Иванова Елена Сергеевна, Қостанай қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Ажмухамбетов Әмір Серікұлы, Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы тілдер кафедрасының доценті, полиция полковнигі Ескатова Гүлзия Қабжанқызы, Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы ІІО әлеуметтік жұмысты ұйымдастыру кафедрасының оқытушысы Бримжанова Сәуле Серікқызы сөз сөйледі.

ҚР ІІМ Қостанай академиясының тілдер кафедрасы

Қиын жағдайға ұшырай қалсаңыз...

Облыстың ІІД баспасөз қызметінің таратқан хабарламасына қарағанда, Қостанай қаласында тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен әйелдерге көмек көрсететін алғашқы орталық ашылыпты.

Айта кететін жәйт, мұндай орын бұрын да жұмыс естеген болатын. Орталық қызметкері Нина Косюктің айтуынша, әйелдер құқық қорғау органдарының жолдамасымен қабылданады. Осыған дейін отбасында зәбір көргендерге тек жатын орын бойынша көмек беріліп келген. Енді қиын жағдайға ұшыраған нәзік жандыларға кешенді жәрдем ұсынылатын болады.

Нақтырақ айтқанда, Орталықта әйелдерге психологиялық, құқықтық және медициналық қызметтер көрсетілімек. Мекемеге түскен сәттен бастап әр әйелмен әлеуметтік қызметкер әңгімелеседі. Зорлық-зомбылықтың себептері анықталып, одан арғы іс-әрекеттер жоспары әзірленеді. ІІД ақпаратына сүйенсек, жыл басынан бері полицияға тұрмыстық зорлықтан зардап шеккен 1000-нан астам әйел жүгінген. «Қазақстанда отбасылық жанжалдың кесірінен қылына 600-дей әйел мен қыздың өмірі қиылады. Біздің тарапымыздан тұрмыстық зомбылықтың алдын алу бойынша үнемі профилактикалық шаралар ұйымдастырылып тұрады. Мәселен,

өткен екі айдың ішінде отбасылық жанжалдарға жол берген 747 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды», - дейді облыстық ІІД әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімінің аға инспекторы Гаухар Хайруллина.

Хайруллинаның айтуынша, отбасылық жағдайлардан зардап шеккен әйелдер көбіне уәделік полиция инспекторларына жүгінеді. Осыған орай полицейлер Қостанайда әйелдер мен балаларға арналған Дағдарыс орталығы жұмыс істейтін еске салады. Мамандар әйелдерді қалалық жұмыспен қамту орталығы арқылы тұрақты еңбекке орналастыруға көмектеседі. Мамандығы жоқтар оқыту курстарына жіберіледі.

Нағыз үлгі боларлық ғибратты іс

Жарты миллион төңге тауып алып иесіне қайтарған ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының қызметкерлері алғысқа бөленді.

Өмір болған соң кейде жақсылық пен жамандық, ақ пен қара бірге жүретіні баршамызға аян.

Абай атамыз өзінің ғибратты бір сөзінде «Тәрбиеге көнетін жалпы халық емес, жеке адам, оның дара ерекшеліктері. Жеке адамға ақыл, мінез, іс, адамшылықты сақтайтын ұят-намыс керек» дегенді айтады.

Расында бала тәрбиелегенде бойына намыс, қайрат-жігерді қоса сіңіре білгенде ғана, болашақта ол баладан адами қасиеті мол жақсы азамат шығатыны сөзсіз. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деп қазақ халқы бекерден бекер айтпаса керек. Менің бүгінгі жазар ойыма себепші болып отырған тақырып - адами қасиет, жақсылық жайлы болмақ. Оның ішінде иығына шен таққан полиция қызметкерлерінің жақсылығы мен қамқорлығы жайында сөз қозғамақпын.

Жасыратыны жоқ, қазіргі таңда адамдардың полицияға деген оң көзқарасы әлі де толық қалыптаса қоймаған. Оған күнделікті ғаламтордан оқып отырғанымыздай, азаматтар мен полицияның арасындағы өзара түсініспеушілік оқиғалары да себеп болуда.

Қазіргі таңда Елбасымыз, Үкімет мүшелері полицияның беделін көтеру жолында көптеген игі істер атқарып жатыр. Сонда да полиция арасында келеңсіз оқиғалардың жиі кездесіп қалатыны көңілге күйбің түсіреді. Тіпті полиция қызметкері қарапайым адаммен шиеленіскен істі шешуде (әсіресе жол-патрульдік полициясы қызметкерлерінде жиі кездеседі) неше жерден мәдениетті, өзін салмақты ұстап тұрса да қарапайым халық оларға нақақтан-нақақ қара күйе жағудан әлі арылар емес. Бұл, әрине өтпелі кезеңнің уақытша құбылысы ғана деуге болады.

Ал енді негізгі әңгіменің байыбына көшер болсам, кеше ғана болған қарапайым азамат пен полиция қызметкері арасындағы оқиға. Былай қарап отырса еш ерлікке жатқызуға болмайды. Ал, полиция қызметкерлерінің жасаған ісі адами фактордың ең жоғары деңгейі десем, артық айтқандық болмас.



Әңгіменің желісі былай, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының қызметкері полиция майоры Ерболат Қайнар мен магистратураның бірінші курс магистранты полиция капитаны Нұрдаулет Мырзаяев көшеде бөгде адамның қалта әмиянын тауып алады. Ол әмиянды ішінде біреудің маңдай терімен тапқан жарты миллион ақшасының болуы кім-кімді де қызықтырмай қоймасы мүмкін емес. Осы әмиянды тауып, ішіндегі ақшаның бір тиынына дейін түртпей, иесіне қайтарып беруі адамгершілік, имандылық емей немене?.. Бұл оқиғаға кейінірек қайта ораламын. Осы бір жерде «жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, жас та болса істің мәнін оң шешетін Ерболат Қайнар туралы бірер сөз жазғанды жөн көрдім.

Жалпы Ерболат Қайнар - Оңтүстік Қазақстан облысының тумасы. Ол отбасында екі қыздан кейінгі кенже әрі жалғыз ұл. Ерболатты мен өз басым курсант кезінен білетін едім, тәлім-тәрбиесі мол азамат. Қазіргі таңда Академияда бірге қызмет атқарамыз. Осы уақытқа дейін Ерболат Қайнардың жаман қылығын, теріс істерін еш байқап көрмеппін. Жұмыс барысында өзін жауапты әрі сауатты қызметкер ретінде көрсете білді.

Жас та болса, істің адамы. Қазіргі таңда докторлық ғылыми атағын қорғау үстінде. Алға қойған мақсаты да жетерлік. Жалпы, бір сөзбен айтқанда, «үлкенге - ізет, кішіге - құрмет» көрсете білетін ақжарқын жан.

Енді басты оқиғаға қайта оралайын. Аталмыш оқиғаның қалай болғанын менің бүгінгі кейіпкерім өз ауызынан көпшілікке айтып берсін.

- Ерболат Ержанұлы, оқиға қалай болды?

- Мен туысқан інім Нұрдаулетпен үйдің жанында жерде жатқан әмиянды тауып

алдық. Басында жерден алуға қымсынып, қорыққанымыз шындық. Өйткені қазіргі заманда аяқтан шалатын адамдар саны көбейіп кетті ғой. Бәрінің көзіне топырақ шашудан аулақпын. Сондай істің құрбаны болмайық деген оймен кідіріс жасадық. Дегенмен, Нұрдаулет жерде жатқан әмиянды көтеріп алып, ішінде құжаты бар ма деп қарады. Ашсақ, әмиянды ішінде 500 мыңнан астам теңге бар екен. Және де әмиян иесінің төлқұжаты, басқа да құнды құжаттар бар. Сосын екеуіміз әмиян иесін іздестіріп, қайтарып беруді жөн санап, ғаламтор, таныс-тамырларға қоңырау шалып, 2-3 сағаттай іздестіру шараларын жасап, иесін таптық. Телефон арқылы сөйлескенде, әмиянды жоғалтып алған адам, қайда түсіріп алғанын есіне түсіре алмай, қатты қиналды. Сосын біз әмиянды тауып алғанымызды айтып, сүйінші сұрадық. Сосын әмиянды алуға келетін жерді белгіледік. Біршама уақыттан соң күткен қонағымыз келіп, әмиянын қарап, ішін тексеріп, бір тиыны да жұмсалмағанына және де құжаттарының орнында болғанына ризашылығын білдіріп, етене таныса кеттік. Міне, осылай кішкене ғана жақсылық жасаймыз деп, Нұржан (әмиянды иесі, ол аты жөнін толық жазбауды өтінді) бауырымыздан үлкен алғыс алдық.

- Егер сұғанақ саусағымызды сұғып, пендешілікке салынып, әмиян ішіндегі қаражатты жұмсайтын болсақ, басымыздағы қаржыға тірелген мәселені шешіп тастар едік. Біздің бар ойымыз, үйдің кішкене балаларымыздың тағдырын, мектеп, Академия қабырғасындағы ұстаздарымыздың санамызға сіңірген тәрбиесін ойлап, арам қадамға баруға адами қасиетіміз жібермеді, - дейді Ерболаттың сөзін жалғай жөнелген інісі Нұрдаулет Тайжанұлы.

Міне, осы бір жағымды

жаңалықты естіп, менде құр алақан отырмайын деп, қолыма қалам алып, кейінгі жастарға, полиция қызметкерлеріне үлгі болсын деген оймен жазып отырмын.

Ерболат пен Нұрдаулеттің әңгімесі шындыққа жақындай түссін деп, әмиян иесі Нұржан бауырыммен кездесіп, әңгімелестім.

- Мен Академия қызметкерлері Ерболат пен Нұрдаулет бауырыма шексіз алғысымды білдіргім келеді. Осындай азаматтарды өмірге әкелген ата-анасына, өмірде азамат болып қалыптасуына себепші болған академия ұстаздарына ризамын. Егер де қомақты соманы жұмсап, маған қайтармағанда не болар еді. Қазаққа «қуған жетпейді, бұйырған кетпейді» деген жақсы сөз бар ғой. Бұл қаражатты маған қайта бұйырып, иманжүзді адамдардың қолына түскені, үйдегі бала-шағамның несібесі, өзімнің адал еңбегіммен тапқан наным деп ойлаймын. Бұл жігіттер Полицияға тән ерлік жасап, қоғамдағы полицияның беделін арттыруға үлес қосты деп ойлаймын. Егер көшедегі араққа сылқия тойған алқашқа бұйырса не болар еді, - деп жымиды Нұржан.

Міне, жарты күнге созылған жарты миллион теңгенің оқиғасы осылай жақсылықпен аяқталғаны әмиян иесі Нұржан үшін және Академия үшін де үлкен абырой болғаны баршамызды қуантты.

Менің бұл оқиғаны жазып отырған себебім, мына құйтырқысы көп қилы заманда адамгершілік қалыптан ауытқымай, бөгде адамға жақсылық жасауға жаны асығып тұратын Ерболат пен Нұрдаулеттің ерлігіне дән риза болдым. Бұл үлкен сауап деп аузымызды толтырып айта аламыз.

Сөзімнің соңын Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Еркін елде өскен ұрпақтың рухы әрдайым биік болуы тиіс. Жастары жалын жүректі, өршіл намысты, биік рухты болса - ол елдің еңсесі де биік болады. Өршіл, намысшыл жас отаншыл, патриот келеді, халқына, өз ұлтына адал қызмет етуге ұмтылады» деген қанатты сөзімен аяқтағым келеді. Елімізге адал қызмет ететін, айбарлы ұрпағымыз көп болсын, ағайын.

**Мейрам ОСПАНОВ,
ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев
атындағы
академияның баспасөз
қызметі**

Цифрландырудың жол картасы бойынша

Қостанайда «Smart city» жобасы Цифрландырудың жол картасы бойынша жүзеге асырылады. Бүгінде негізгі 10 бағыт анықталды. Бұл туралы облыстық әкімдікте өткен жиында Қостанай қаласының әкімі Базыл Жақыпов мәлім етті, деп хабарлайды «ҚазАқпарат» ХАА тілшісі.

Биыл «Smart city» жобасы аясында Қостанайдағы көпқабатты үйлер мен әлеуметтік нысандардың ғимараттарына QR-кодтар орнатылады. Тұрғындар аталған кодтар арқылы нысанның тарихын, пошталық индексін біле алады. Сондай-ақ, әр үйге бекітілген учаскелік полицей мен дәрігердің есімдері жазылған. «Бұл жобаның құны 18 млн теңгеге жуықтап отыр. Осы жылдың қыркүйек айына дейін қаладағы 1100 көпқабатты үй мен әлеуметтік нысандарға арнайы кодтарды енгіземіз. Бұған қоса қаланың «Ақылды картасы» жасалады. Бұнда көшелердің тізбегі, коммуникациялар мен ғимараттар көрсетіліп тұрады. «Ақылды карта» алдағы екі жыл ішінде толықтай жасалынып, пайдалануға беріледі», - деді Б. Жақыпов.

«Smart city» жобасының тағы бір бағыты қоғамдық көліктерде пайдаланады. Енді автобустарда жүру үшін жол ақысы қолма-қол ақшамен емес, «Оңай» электронды картасы арқылы төленеді. «Біз Алматы қаласының тәжірибесіне сүйеніп, автобустарға электронды билет енгізуді қолға алмақпыз. Қазір мамандар жолаушылар көлігінің қызметі жөнінде мониторинг жасап жатыр. Бұл тұрғыда тұрғындардың пікірі маңызды. Барлығы жоспарлы түрде іске асса, «Оңай» картасы жақын арада-ақ жолаушылар игілігіне беріледі», - деп хабарлады қала әкімі.

Жиында белгілі болғандай, биыл «Ақылды бағдаршам» жобасы да енгізіледі. Аталған бағдаршам үш режимде болады. Олар: таңғы, кешкі және түнгі. Қала әкімі айтқандай, осы режимдер арқылы электр энергиясын пайдалану қазіргіден 30%-ға дейін үнемделмек.



Энергетика вице-министрі Фани Сәдібеков ұсталды

Энергетика вице-министрі Фани Сәдібеков пен бірнеше лауазымды тұлға жемқорлыққа дерегі бойынша ұсталды, - деп хабарлайды Tengrinews.kz тілшісі Мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің ресми өкілі Нұрлан Жахинға сілтеме жасап.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ұлттық іс-қимыл бюросының қызметкерлері Энергетика министрлігінің бірнеше лауазымды тұлғасын ұстады. Энергетика вице-министрі Фани Сәдібеков «Аймақ» ЖШС мердігерлік ұйымының басшысы Дуанбек Д.-мен біріге отырып, бюджеттен аса ірі көлемдегі қаражатты жымқырған. Ол қаражат Щучинск-Бурабай курорттық орнында өзенді тазалауға арналған қаражат болған. Осы қылмысқа Энергетика министрлігінің департамент басшысы Нұрбеков Ж. мен мердігер компанияның өкілдері Жұмалинов С. мен Қадырберлин Б. қатысқан. Сәдібеков қол қойған жалған актілердің нәтижесінде Энергетика министрлігі 2017 жылы орындалған жұмыстардың үлкен көлемі үшін 3,6 миллиард теңге төледі. Осы сомадан 1 миллиард теңгеден аса ақша қолма-қол төлемге айналдырылған. Тексеріс кезінде бұл ақшалар төркіленді», - делінген ведомствоның хабарламасында.

«2018 жылы өзен тазалауға бөлінген тағы 1,5 миллиард теңгені жымқыру дерегіне тосқауыл қойылды. Сәдібеков, Нұрбеков, Дуанбек, Жұмалинов және Қадырберлин ұсталды. Сотқа дейінгі тергеу жүргізіліп жатыр», - деп хабарлады агенттік өкілі Нұрлан Жахин.

Фани Сәдібеков 1967 жылы 23 қазанда дүниеге келген. Түрлі жылдары (12.2009 - 12.2010 жылдар) Жамбыл облысы әкімі аппаратында басшы қызметін, 2010-2013 жылдар аралығында Жамбыл облысы әкімінің орынбасары, 2013-2016 жылдары Павлодар облысы әкімінің орынбасары қызметтерін атқарды.

Әкімшілік жауапкершілік қарастырылған

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жарналарын уақытында төлемеген немесе төлеуден жалтарғандарға қандай шара қолданылады? «ҚазАқпарат» ХАА осындай сауалына Міндетті медициналық сақтандыру қоры жауап берді.

«Жарналар мен аударымдарды дер кезінде төлемегені үшін мемлекеттік кірістер органдары әр күн үшін ҚР Ұлттық банкі бекіткен қайта қаржыландыру ресми

мөлшерлемесінің 1,25 есе көлемінде өсімақы бекітеді. Мәселен, МӘМС жарнасын төлеу 30 күнге кешіктірілсе, 150 мың теңге жалақы алатындардың өсімақысы 16,41 теңгені құрамақ», - деп жауап берді Міндетті медициналық сақтандыру қоры.

Қордың мөлдімеуінше, өндіріп алу жұмысы мемлекеттік кірістер органдарының борышкерге хабарлама жіберетін инкассалық өкімі арқылы жүргізіледі. Мемлекеттік кірістер

органдары қалыптасқан қарыздар шегінде борышкердің банктік шотынан ақша өндіріп алуға құқылы. «Жұмыс берушілер мен жеке кәсіпкерлердің міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарна аударымын кешіктіргені үшін немесе толық төлемегені үшін ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексіне (92-1 бап) сәйкес, әкімшілік жауапкершілік қарастырылған», - деп атап өтті Қордың баспасөз қызметі.

ҚазАқпарат

Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru